

«Алпамыс» бөбекжай бақшасы КМҚК

«Кешегі ойың, бүгінгі ойын, болашаққа бастар жол!»
Ұжыммен тренинг

2023-2024 оқу жылы

Ұжыммен тренинг

Тақырыбы: «Кешегі ойың, бүгінгі ойың, болашаққа бастар жол!»

Мақсаты: Ұжым қызметкерлерінің өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашу. Тұлғаның өзін-өзі тануына, күш-қуат жинап, шабыттануына ықпал жасау. Қызметкерлерді жаңашылдыққа, түрлі әдіс-тәсілдерді тәжірибелеріне енгізе отырып, логикалық ойлау қабілетін, шығармашылық ізденісін, ой-қиялын арттыру. Ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.

Ойын ережелері:

- Белсенділік таныту;
- Бір-бірінің ойларын бөлмей тыңдау;
- Тек өзінің атынан сөйлеу;
- Егер ақпарат нақты бір адамға бағытталса, үшінші жақтан сөйлемей, тіке сол адамға айту;
- Қатысушылар туралы ақпаратты залдан тыс жерде таратпау, талқыламау;
- Ойын барысында ешкімді сынға алмау.

Жоспары:

1. «Мен - сен, сен-мен» жаттығуы
2. «Топтасайық» ойыны
3. «Қайықта» сюжеттік- рөлдік ойыны
4. «Кім жылдам» ойыны
5. «Заттардың әңгімесі» ойыны
6. Рефлексия

Барысы:

Эпиграф: "Біз қартайғандықтан ойын ойнауды тоқтатып тұрған жоқпыз, ойын ойнамағандықтан қартайамыз."

Бернард шоу

Педагог-психолог: Сәлеметсіздер ме, құрметті әріптестер. Мен сіздерді көргеніме өте қуаныштымын. Бүгін сіздердің көңіл-күйлеріңізді көтеруге, өз бойларыңыздағы шығармашылық қабілеттеріңізді бағалай білуге өз-өзіңізге құрметпен қарауға, бір-бірімізбен сыйластық қарым-қатынаста болуға арналған «Кешегі ойың, бүгінгі ойың, болашаққа бастар жол!» тақырыбындағы тренингке қош келдіңіздер.

1. «Мен - сен, сен-мен» жаттығуы

Қатысушылар бір - бірін таныстырады. Таныстыру барысында бір өтірік қосып айтады, сол өтірікті қатысушылар табуы қажет. Ұжым бірін-бірі жақын тануы үшін мұқият тыңдалады.

2. «Топтасайық» ойыны

Қатысушылар өздеріне ұнаған түрлі-түсті қағаз қиындыларын жинап алады.

Сол таңдап алған қағаз қиындыларынан түстеріне қарай бір бейне құрастырады. (Сары- күн, қызыл-гүл, жасыл-ағаш, көк- бұлт, үй т.б.)

Құрастырған бейне жайлы айтып, қорғап шығады.

3. «Қайықта» сюжеттік- рөлдік ойыны

Топтық жұмыс кейсті шешу



Қатысушылар сюжеттік-рөлдік ойын ұйымдастырады. Тақырыбы қайықта деп аталады. Капитанды тағайындайды. Барлық қатысушылар қайыққа отырып, теңіз саяхатына шығады. Ойын барысында ересек адам қайықта не болып жатқандығы туралы түсінік береді, тиісті әрекеттерді орындау (құбырға карау, акуладан жасырыну, дауыл кезінде борттан мықтап ұстау т.б.)

Сергіту. "Кім жылдам" ойыны.

Қатысушылар шеңберге тұрады. Сандарды ретімен айтып келе жатады. 5-тің қосындыларын айтпайды. 5,10,15,20,25,30,35.... Сандарды айту барысында жаңылысқан қатысушы ойыннан шығады.

ТОПТЫҚ ЖҰМЫС «ЗАТТАРДЫҢ ӘНГІМЕСІ»

Екі жансыз заттың әңгімесіне диалог құрыңыз



Қорытынды

Тренинг соңында тәтті таратылады, қатысушылар алған тәтті конфет санына қарай бүгінгі тренингтен алған әсерімен бөліседі.

Адам өмірде екі нәрсемен қартаймайды. Біріншісі- қайырымды ісі, екіншісі- жүректен шыққан жылы сөзі. Әрқашанда бір-бірімізге жылы сөздер айтып, қайырымды болайық.

